ҚазҰУ - XXI ғасырдың таңдаулы мансабы

Мен «Алтын белгі иегері атанып, ҰБТ сынағынан соң көп ойға берілдім. Себебі, менің алдымда екі таңдау, екі университет, екі мамандық және ең бастысы, жарқын болашағымды айқындау тұрды. Осы қиын таңдауда, ата-анамның, ұстаздарымның кеңесімен әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университетіне тоқтадым.

Өзіндік бай дәстүрлерімен танымал әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университетінің казакстандық элитаның бас шеберханасы екендігі жалпыға мәлім. ҚазҰУ-да оқу кашан да үлкен мәртебе және мақтаныш болған. Егер жыл сайын елімізде мектепті 120-130 мың түлек бітірсе, олардың 10 700-і жүзден жоғары балл жинайды. Соның ішінде ҰБТ-ны үздік тапсырған 3 мыңға жуығы біздің университеттің студенті атанады, яғни, ҰБТ-да әрбір үшінші үздік балл алған түлек бізге оқуға түседі. Осыдан-ақ біздің университетке сұраныстың өте жоғары екенін бағамдауға болады.

Бүгінде ҚазҰУ – еліміздің барлық өңірінен, сондай-ақ, алыс және жакын шет елден келген 20 мыңдай студент оқитын еліміздің ең ірі университеті. Мұндағы 14 факультетте 180 мамандық бойынша бакалавр, магистратура, докторантурада мамандар даярланып, онда мыңнан астам доктор мен ғылым кандидаты, профессорлар мен доцентгер, 60-тан астам академиктер, 70-тен астам түрлі сыйлыктардың лауреаттары бар жоғары білікті 2000 окытушы 3 тілде дәріс окиды. Университеттің білім беру бағдарламалары әйгілі шетелдік AQUIN және ASIIN агенттіктерінің халыкаралык аккредитациясын иеленді. Ағымдағы жылы ҚазҰУ кезекті мемлекеттік аттестациядан жетістікпен өтті, студенттер жүз пайыздык білім деңгеиін көрсетті.

ҚазҰУ – Америка, Еуропа және Азия университеттерімен бірігіп, қосдипломды білім беру бағдарламасын алғаш колға алды. Бұл әлемдік білім беру кеңістігіндегі ҚазҰУ-дің жоғары бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Бүгінде ҚазҰУ дипломы бірқатар мамандыктар бойынша беделді Лотаринғия университеті, Страсбург менеджмент мектебі, Валенсия политехникалық, Ланьяжоулык және т.б. шетелдік университеттер дипломымен тең дәрежеде. Сондай-ак, соңғы үш жылда университеттің 3,5 мың студенті шетелдік ЖОО окып келді. ҚазҰУ – әлемнің ең ірі 400 университетімен әріптестік орнатқан. Олармен жасалған келісімшартқа сәйкес 2011-2013 жылдары академиялық тәжірибе алмасу аясында 3 мыңнан астам шетелдік студент ҚазҰУ-де білім алды.

Жыл сайын 150-ден астам атакты шетелдік ғалымдар ҚазҰУ-де дәріс окиды. Окытушылар мен студенттердің Нобель сыйлығы лауреаттарымен кездесуі игі дәстүрге айналған. Тек соңғы жылы ҚазҰУ-ге ғылым саласындағы осы мәртебелі марапатка ие болған 7 ғалым келін кетті. ҚазҰУ – ТМД елдері университеттері арасында Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның «Рио+20» тұракты даму бойынша конференциясында жеке секциясын ашкан жалғыз университет. Университеттің осындай зор мүмкіншіліктерін ескере отырып, ЮНЕСКО әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізінде Орталық-Азия аймағының тұракты даму мәселелері бойынша орталығын салу туралы шешім қабылдады. Осы орайда биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Азия университеттері ректорларының III съезі өтеді. Бұл университеттің 80 жылдык мерейтойы жылында айтулы шара болмақ.

Университет калашығы талапкерлерді магниттей тартады. ҚазҰУ қалашығы тек көрікті мекен ғана емес, еліміздегі жалғыз әлемдік деңгейдегі студенттік кампус. Оның аумағында мәдени маңыздағы – бірегей музей экспонаттары, О.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, ең ірі спорттық кешен мен стадион орналасқан. Студенттік қалашық толығымен Wi-Fi жүйесіне қосылған. ҚазҰУ – Ыстықкөлде демалыс орны мен заманауи спорттық-сауықтыру лагері бар жалғыз университет. Мұнда Орталық Азияда теңдесі жоқ жаңа әл-Фараби ғылыми кітапханасы ашылды.

ҚазҰУ-де медико-биологиялық кластер құру аясында жакында құрамында заманауи аурухана, ғылыми-зерттеу зертханасы, кажетті инфрақұрылымы бар 55 мың шаршы метрді құрайтын қуатты медициналық орталықтың құрылысы да басталатын болады. Онда ҚазҰУ-мен катар өзге де Алматы қаласы ЖОО-ларының оқытушылары мен студенттері сапалы медициналық көмек алатын болады.

Қазір ҚазҰУ дамыған ЖОО сапалы көрсеткіштерін бағалайтын QS рейтингілік агенттігінің зерттеуі бойынша, әлемдегі 800 үздік университеті арасында 299-орынды бағындырып, әлемдік топ – 300 үздік ЖОО катарына енді. Айта кетерлігі, топ – 300 үздік ЖОО катарына ТМД елдерінен үш жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Ломоносов атындагы ММУ мен Санкт-Петербург университеті енген.

Биылғы наурызда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановты кабылдауы кезінде сөйлеген сөзінде: «ҚазҰУ бастаған тоғыз ұлттық университетке біз үлкен үміт артамыз. Олар отандык жоғары білім берудің омыртқасы болуы керек» деген еді. Осы ретте университет ұжымы ғылым, білім мен әлемдік дәрежедегі инновацияның бәсекеге қабілетті және озық орталығы болу жолында жан аямай еңбек етуде.

Ұлжан ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
ҚазҰУ ЖЭжБМ есеп және аудит бөлімінің 1-курс студенті.

Ахметова Улданайдың атына 30.08.1997 жылы тіркеу №1-003227 берілген сату және сатып алу келісім-шарттың жоғалуына жарамсыз деп танылсын. Мекен-жайы? Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Пестковский көшесі 39-үй.

ИП «Есеналиева Аманкул Боралтайовна», ИИН 600202403897, серия07915, № 0102326,сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месянев со дня опубликования объявления по адресу: Алматинская обл.,г.Алматы, ул. Байзакова, дом 12, кв.2. Тел.8 702 159 91 15.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің деканаты мен география, жерге орналастыру және каластр кафедрасының ұжымы кафедра менгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор Нүсіпова Гүлнәр Нұрмұхамедкызына өкесі

Нүсіпов Нұрмұхамед Нұрахметұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортактасып көңіл айтады.

Экономикалық ғылымның абызы

Казакстанның экономикалык ғылымының дамуына жана көзкарас калыптастырушы бола білген, негізгі калыптастырушы зандарды құруға, жалпы ғылыми-зерттеу саласының, жеке экономика ғылымының сакталып калуы мен бекуіне орасан үлес коскан, өз еңбектерімен мемлекеттік органдардың тиянакты да табанды жұмыс істеуіне ықпал еткен – академик Кенжеғали Әбенұлы. Алмастай асыл, алтындай аз тұлғаның бірі ғана емес, бірегейі. Бұл жан жайлы ойлағанда, көз алдымызға халкымыздың бакыты үшін жан аямай күрескен Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды Алаш арыстары келеді. Академик К.Сағадиев әлі күнге дейін сол алыптардың көзіндей, ұлттың ұлағатты, ұранды сөзіндей Тұлға. Ағамыздың ғұмырлык биографиясы мазмұнды әрі артынан ерген ұрпақтарына толыққанды үлгі боларлыктай. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы, экономика саласының кыр-сырын терен зерттеуші, коғамдык саяси ойдың шежіресі, тарихымызда кайталанбас колтаңбасы бар қадірлі азамат, дара тұлға академик ағамыздың ғибраты мол ғұмыры ұрпакка үлгі, кім-кімге де өнеге.

Егемен еліміздің зияткерлік жетістігінің белгісі және халкымыздың кадрлык алтын корының елеулі мүшесі болған ұстазымыз 39 жасында экономика ғылымдарының докторы, 40 жасында профессор атанған ерекше еңбеккорлык пен ізденімпаздықтың үлгісі ретінде ұстанамыз. Мұнын өзі сол жылдардағы Одақ көлемінде кездесетін сирек құбылыс болатын.

Мектеп кабырғасын күміс медальмен тәмәмдап, бүгінгі әл-Фараби атындағы Казак Ұлттык университетін үздік дипломмен аяқтап, мәнді де мазмұнды еңбек жолының алғашкы баспалдағын өзі білім алған осы карашаныракта бастады. Сосын Мәскеу жоғары мектебінде экономика саласы бойынша білімін шындап, ғылыми жолға түсуі оның ерекше шығармашылык кабілеті мен ғалым ретіндегі бейнесін суретейді. Асыл арман жетегінде жүріп, толағай табыска кенелуі ерекше акыл парасат пен іскерлік кабілеттін айкын көрінісіндей. Экономика ғылымдарынын докторы, профессор, Казакстан Республикасы Ұлттык Ғылым академиясының академигі, халыкаралык жогары мектеп академиясынын академигі, Нью-Йорк, Пәкістан Ғылым академияларының мүшесі, Кембридж халыкаралык биографиялык оргалык шешімімен «Жыл адамы» атағының иегері, Қазакстан жоғары мектебі тарихында төрт жоғары оку орны мен КР Ұлттык Ғылым академиясын жогары білікпілік әрі кәсіби шеберлікпен баскарын, КР Парламентінің үшінші және төртінші шакырылымында депутат болуы кез келген жаннын пешенесіне бұйырмаитын бөлек дүние, дәуір адамына ғана тән тағылымды тағдыр.

Окушы, студент, аспирант кезіндегі білім мен ғылымға деген құштарлығын Мәскеуде үлкен ғылыми жолға куәлік алған жас ғалым кезінде жалғастырып, әртүрлі жердегі басшылык кызметтерін абыроймен аткара жүріп, ізденушілік жұмысын үздіксіз ұстаным етті. Өзінін отандык ғылымға коскан комакты үлесі үшін Кенжеаған 1994 жылы Қазакстан Республикасы Ұлттык Ғылым академиясынын академигі атағын иеленді. Мұндай атакка ие болу – экономика ғылымынын шыңына жеткендігін, ғалым ретінде толык калыптасып, мемлекет пен коғам тарапынан мүлтіксіз танылғандығынын белгісі.

Бүгінде К.Сағадиевтің «казакстандық экономика ғылымының атасы» екендігінде ешкімнің күмәні жок. Академик К.Сағадиевтің казакстандық экономика ғылымына коскан үлесі шексіз деп айтсак, кателеспегеніміз. Ғалым салған жол бар, сомдаған мектеп бар. Ол экономика саласында ұлттык мамандарды, ғалымдарды тәрбиелеу мектебін калыптастырды. Бүгінде Кенжеғали Сағадиевтен тәлім-тәрбие алған, сөзін тыңдап, оның басшылығымен ғылыми зерттеулер жүргізген азаматтар мемлекет, коғам кайраткері, белгілі ғалым ретінде елімізге танымал тұлғаларға айналды. Білім және ғылым саласын баскару мен дамытуға тікелей араласып келе жаткан азамат өзінін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында бірнеше буын ғалымдарды дайындады. Ғалымның жетекшілігімен 14 докторлык және 38 кандидаттык диссертация корғалды.

«Ғалымнын хаты олмейді, жаксының аты өлмейді» деген дана сөз бар. Академик К.Сағадиевтің ғылыми еңбектерін талдап, зерттеу ұзак уакытты және терең білімді кажет етеді. Ұлы ғалымнын еңбектерін бір макаланың көлемінде сипаттап шығу мүмкін емес. Сол себепті тек жекелеген еңбектеріне ғана тоқталуға мәжбүр болдық. Мемлекеттің егемендік алған алғашқы кездері мен экономикалық ғылымның жаңа бағыты бастау алған түста ерен еңбегін көрсете білді. Ардакты ағамыз тәуелсіздіктін алғашкы киын да жауапты жылдарында Елбасының касында болып, азаттыкка жаңа кол жеткізген Отанымыздың өркендеуіне бағыт-бағдар беріп, ұлт зиялыларының арасында көптеген игі істерге ұйытқы болып, өнегесімен халыкка шынайы кызмет ете білді.

240-тан астам ғылыми монография мен мақалалары, экономика саласы бойынша 10-нан астам монографиясы жарыққа шыккан ғалымнын ғылыми дәлелденген дәйекті айтылған пікірі ел дамуына өз септігін тигізді. Халкынын бағына туған, елі аркалаткан аманатқа адал болып, жас мемлекетіміздің канатын кен жаюына елеулі үлес коскан академик К.Сағадиевтің еркін экономиканы мемлекеттік баскару кажеттігі туралы айткан пікірін уакыттың өзі дәлелдеді. К.Сағадиевтін ұлттык экономиканың бәсекеге кабілеттілігі мен болашағына қатысты ойлары оз өміршендігін дәлелдеді. Бұл жағдай ғалымнын мемлекеттін саяси-экономикалык жағдайын танып-білуде, болжауда аса көрегендігінін және теориялык базасы жоғары екендігінін белгісі.

Көпбалалы отбасыдан түлеп ұшып, бүгінгі күні өзі де алып бәйтерекке айналған ағамыз әлі күнге дейін, мәуелі ағаш жемісі піскен сайын ніледі дегендей, әрдайым әрбір жанның жүрегіне жол таба білуде. Адамгершілік касиеттері мол, жаны жайсан, жүрегі таза, абзал тұлғанын бергенінен берері әлі алда. Өмір бойы рухани ізгіліктін келбетін жасап, терең ой, кемел акылымен казак парасаты мен оркениетіне сүбелі үлесін коскан айдыны шалқар академик ағамыз – тумысы бөлек, тұғыры бик тұлға.

«Әр істің ұстасы бар, әр ұстаның ұстазы бар» деген халкымыз. Ғылымнын үлкен бір саласынын – экономика ғылымынын шебер ұстасы әрі баршамыз күрметтейтін ұстазымыз өз ұстаздарын әрдайым есте ұстайды.Олардан үйренгенін өз шәкірттеріне үйретеді. «Менін өмір бойы іздегенім – білім» деп ғалым ұстаздың өзі айткандай, әлі күнге деин кажырлы кайратымен артынан ерген ұрпақтары мен шәкірттеріне өз ұстаздары мен әмір атты мектептен үйренген тәлімдері мен акыл-кеңесін айтып, шамшырақ секілді шуағын шашудан шаршамауда. Бар ғұмырын ел мүддесіне арнаған Кенжеғали Әбенұлы инновациялык технология дамыған мынжылдык кезінде де ұлттын интеллектуалдык дамуына ыкпал ету жолында ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға ерен еңбек етуде. Еліміздің еңселі, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы, келешегіміздің кемелді болуына өлшеусіз еңбек сіңірген ұлтымыздың біртуар ғұлама кариясы, казак халкынын нағыз патриоты, коғам кайраткері, көрнекті ғалым ағамыз әлі күнге дейін ел болашағы үшін кажымай, талмай еңбек етуде. Егемен елдің гүлденуіне елеулі үлес косып келе жаткан академик, ірі экономист-ғалым, коғам кайраткері, ойшыл-стратег, ел ағасынын бергенінен берері әлі де алда екеніне сенімдіміз. «Ұстаз шәкіртімен мын жасайды» дегендей, каншама жас ұрпака экономика ғылымынын кыр-сырын үйретуден жалыкпаған мұндай ағаларымыздын өзі тәрбиелеген оқушыларымен мың жасайтыны сөзсіз!

Әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университетін ұмыткан емес. Өзі білім алған әрі саналы ғұмырындағы еңбек жолынын алғашкы баспалдағын ұстаздыктан бастаған университетпен әлі күнге дейін байланыс үзбеуі де үлкен көргенділіктің белгісі. Бұл орайда әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университеті де Кенжеғали Әбенұлындай құрметті түлегін әрдайым мактаныш етеді. Университет тәлімгерлеріне көшбасшылык дәріс тер окыған сәттерінде университет қабырғасында үлгілі студент, жастар ұйымынын жетекшісі болған Кенжеаған ғылымға құштарлык өмірлік жолды әрдайым нұрландырып тұратынын, ал оның бірден-бір козғаушы күші – білім екенін айтудан жалыкпайды. Сондай-ак, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, оқу мен коғамдык жұмыстардағы белсенді студенттер мен магистрантқарға каржылык көмегін жүйелі түрде беріп тұрады. Қазіргі кезде әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттык университетінің 12 тәлімгері бес жыл бойы академик ағамыздың атаулы шәкіртакысынын иегері. Сонымен бірге атакты академик ағамыз өлемдік жетекші университеттер тәжірибесіне сай университетімізде құрылған эндаумент-корды колдаған алғашкы жандардың бірі.

Елі үшін туған ерді ел күрмет тұтады. Тайбурылдың шабысындай толассыз екпінмен, тыңдырымды еңбекті ұстаным еткен академик К.Сағадиев сынды ғалымы бар казакстандык экономика ғылымынын арманы жок.

Биылғы жылы өзінін сексениіш көктемін қарсы алып отырған, академик ағамыздың өзі айткандай, бакытка жетелейтін бағдаршам – әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттык университеті академик К.Сағадиевтай түлегін әрдайым мактан тұтады.

Б.ЕРМЕКБАЕВА,
Казақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеті
Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы.

Алматы қаласы Бостандық ауданының әкімі «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Бостандык ауданы әкімі аппаратының басшысы, жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 103 782 теңгеден 140 298 теңгеге дейін (Е-2 санаты, 1 бірлік).

Функционалдық міндеттері: Бөлімдер мен аудандық кызметтердің жұмысын үйлестіруді камтамасыз ету, кала және аудан өкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің, өкімдік каулыларынын және баска да жоғарғы органдардың кұжаттарынын орындалуын бакылауды ұйымдастыруды жүзеге асыру. Бөлімдердің жұмысын үйлестіру және бағыттау, аудан өкімінің бөлімдермен оперативті байланысын камтамасыз ету. Аудан өкімінің кадрлык саясатын жүзеге асыруға ыкпал ету, аппарат кызметкерлерін тағайындау мен жұмыстан босату туралы ұсыныстар енгізу, аппарат жұмысын жетілдіру. Қалалык сайлау комиссиясымен, Алматы каласы мәслихатымен және кала әкімі аппаратының басшысымен тұракты байланысты камтамасыз ету. Ұйымдастыру-кадрлык жұмыс және құжаттамалык камтамасыз ету бөлімінің, каржы-шаруашылык бөлімнін, мемлекеттік-құқықтык бөлімнің жұмысына тікелей басшылык ету. Аудан әкімі аппараты мен аудандык кызметтердің кала және аудан әкімдерінін шешімдері мен өкімдерін орындау бойынша жұмысын ұйымдастыру және бағыттау. Компьютерде «Word», «Excel» бағдарламаларымен жұмыс істей білу, мемлекеттік тілді білу.

Конкурска қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардын біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік кызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органдарда басшылык немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы накты лауазымнын функционалдык бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылык лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазакстан Республикасынын Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шет елдін жоғары оқу орындарында Шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалык комиссия бекітетін басым мамандыктар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінін болуы.

2. Ішкі бакылау кызметінің бас маманы, жалакысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 59 379 теңгеден 80 720 теңгеге дейін (Е-4 санаты, 1 бірлік).

Функционалдык міндеттері: Кызметтін сапасын және өнімділігін арттыру максатында мемлекеттік органнын кызметтік бағыттарына ішкі бакылауды жүзеге асыру, мемлекеттік органдағы баскару жүйесінін кызметіне бағалауды жүзеге асырады; оны жаксарту бойынша аудан өкіміне ұсыныстар енгізеді; өкілетті органмен бірлесе отырып, мемлекеттік органда Қазакстан Республикасынын бюджеттік және тағы да баска зандардын сакталуын тексеруді жүзеге асырады; Стратегиялык жоспардын және операциялык жоспардын, бағалау нәтижелерінін жүзеге асуын қадағалайды; мемлекеттік органнын есеп жүргізу және есеп беру мәлметтерінін нақтылынын және дұрыстығын бакылау; жүргізілген тексеру, оның ішінде Қазакстан Республикасынын өкілетті және мемлекеттік органдарымен жүргізілген тексерулерге статистикалык есеп жүргізу.

Конкурска катысушыларға қойылатын талаптар: Экономика және бизнес саласында жоғары білім. Мемлекеттік кызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымнын функционалдык бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда экономика және бизнес саласында ортадан кейінгі білімі барларға рұксат етіледі.

Конкурска катысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазакстан Республикасынын Конституциясын, Қазакстан Республикасынын «Қазакстан Республикасынын Президенті туралы», «Қазакстан Республикасынын Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазакстан Республикасынын Үкіметі туралы» Конституциялык зандарын, Қазақстан Республикасынын «Мемлекеттік кызмет туралы», «Сыбайлас жемкорлыкка карсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардын өтініштерін қарау тәртібі туралы» Зандарын, осы санаттағы нақты лауазымнын маманданушына сәйкес облыстардағы катынастарды реттейтін Қазакстан Республикасынын нормативтік құқықтык актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдык міндеттерді орындау үшін кажетті баска да міндетті білімінің болуы.

Е-2 санаты бойынша Қазакстан Республикасынын «Нормативтік құқықтык актілер туралы» Заңын қосымша білу кажет.

Конкурс Қазакстан Республикасы Мемлекеттік кызмет істері агенттік Төрағасынын 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурстык комиссияны құру Ережесі негізінде өткізіледі.

Конкурска қатысу құжаттары: 1) нысанға сәйкес өтініш; 2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама; 3) білімі туралы құжаттардын нотариалдык куәландырылған көшірмелері; 4) еңбек кызметін растайтын құжаттын нотариалдык куәландырылған көшірмесі; 5) Қазакстан Республикасы Денсаулык сактау министрлігінін 2010 жылғы 23 карашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазакстан Республикасынын Нормативтік құқықтык актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоксанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама; 6) Қазакстан Республикасы азаматынын жеке куәлігінің көшірмесі; 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы колданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек кызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармакшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардын толык емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясынын оларды караудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік кызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармакшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардын персоналды баскару кызметі (кадр кызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне катысты (білікті лігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардын көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардын кәсіби кызметін, білікті лігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тіпілетін мұкабада орналастырылған құжаттарды колма-кол тәртіпте немесе пошта аркылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондык пошта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурска катысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондык пошта аркылы берген азаматтар құжаттардын түпнұсқасын өңтімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардын түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға өңтімелесуден өтуге жіберілмейді.

Қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұкаралык ақпарат құралдары бетінде («Вечерний Алматы», «Алматы ақшамы» газеттері), сонымен катар, Қазакстан Республикасы Мемлекеттік кызмет істері агенттігінің интернет-ресурсында www.kyzmet.gov.kz және Алматы каласы Бостандык ауданының әкімі аппаратының ресми сайтында www.bostandyk.almaty.kz, соңғы жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде мына мекенжайға тапсырылуы тиіс: 050057, Алматы каласы, Айманов көшесі, 191-үй, Бостандық ауданы әкімінін аппараты, 305, 306-бөлме.

Өңтімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңтімелесуге жіберу туралы хабардар ету күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Алматы каласы Бостандык ауданы әкімінін аппаратында өтеді. Конкурс комиссиясы жұмысынын ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды катыстыруға жол берілді.

Конкурс комиссиясынын отырысына байкаушылар ретінде Қазакстан Республикасы Парламентінін және барлык деңгейдегі мәслихат депутаттарынын, Қазакстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұкаралык ақпарат құралдарынын, басқа мемлекеттік органдардын, коғамдык бірлестіктердін (Үкіметтік емес ұйымдардын), коммерциялык ұйымдардын және саяси партиялардын өкілдері, уәкілетті органнын кызметкерлері катыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясынын отырысына катысу үшін тұлғалар өңтімелесу басталуына 1 жұмыс күні калғанға дейін кешіктірмей персоналды баскару кызметіне (кадр кызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды баскару кызметіне (кадр кызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттын көшірмесін, жоғарыда аталған ұйымдарға тиісділігін растайтын құжаттардын түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынуы қажет.

«Б» корпусынын бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазакстан Республикасы Мемлекеттік кызмет істері агенттігінін Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент калаларындағы аймактык тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-2 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалык тест (10 тапсырма); Қазакстан Республикасынын заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасынын Конституциясы (15 сұрақ); «Қазакстан Республикасынын Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазакстан Республикасынын Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазакстан Республикасынын конституциялык заңы; «Мемлекеттік кызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемкорлыкка карсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтык актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардын өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін кызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазакстан Республикасынын заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Е-4 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалык тест (10 тапсырма); Қазакстан Республикасынын заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасынын Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік кызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемкорлыкка карсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Қазакстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі баскару туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардын өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін кызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазакстан Республикасынын заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Анықтама телефоны/факс: 275-42-22, 274-82-88 (электронды пошта: мекен-жайы bost.org@mail.ru)